

Дөң ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 15 желтоқсандағы № 16 "Дөң" ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атаулар беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Дөң ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 34 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 желтоқсанда № 5734 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Дөң ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Дөң ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 15 желтоқсандағы № 16 "Дөң" ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атаулар беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-12-71 тіркелген, 2008 жылы 18 желтоқсанда аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Дөң ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Дөң ауылдық округі әкімінің
міндетін атқарушы*

Е. Избагин